

көзқарастарымен және Украинаға көмек бермеу жайлы танымал тұлға. Айтпақшы оңшылдар Ресейге адал көзқараспен қарайды. Егер республикашылар АҚШ қа қайта оралса және ЕО Парламентінде орындардың жартысын оңшыл партиялар алса, Украина үшін бұл үлкен қорқыныш болады. Қаржылық қолдау азаяды және Украина армиясының әлсіздігін пайдаланып, Ресей бірден Украинаны басып ала алады. Ал Украинаның жеңілісі, Ресей Қазақстанға өз назарын жандандыры және бұл Қазақстанның жағдайына жаман әсер етуі мүмкін. Қазақстан ЕО елдері үшін ең жақсы әріптес, ал Вашингтонда Назарбаевпен ресми кездесу болған кезде Д. Трамп АҚШ үшін Қазақстан Орталық Азиядағы құнды дос және стратегиялық серіктес болып табылатынын мәлімдеді, сондай-ақ Қазақстанмен ынтымақтасу өңірдегі қазіргі Америка әкімшілігінің сыртқы саясатын ілгерілететінін және АҚШ Ресейдің Қазақстанға ықпалының өсуіне жол бермейтінін атап өтті[7, 139]. АҚШ үшін стратегиялық болып саналса, кез келген жағдайда мұндай ресурстар донорын жоғалтпау үшін Украинаның жеңілуіне жол бермейді.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның геосаясаты және басқа да Орталық Азия елдерімен қатар өз өңірінде маңызды рөл атқарады, өйткені Хельфорд Маккиндер айтқандай "Кімнің қолында Хартэнд болса, ол бүкіл әлемді басқарады". Қазақстанның геосаясатының ерекшеліктері оның орналасқан жерін ойнайды мен атап өткендей, география - бұл оның күші. Ыңғайлы және қауіпсіз экономикалық дәліз, бірақ сонымен бірге көрші державалардың ықпалында қалады. Қазақстан өзінің жағдайына байланысты таяқтарды Ресей мен Қытайға қарай бұрмалауға, үлкен проблемаларға батып кетпеу үшін қайықты қатты шайқамауы керек. Көптеген жылдар бойы осындай бай және кең аумақ үшін "жана үлкен ойын" жүріп жатыр деп айтуға болады.

1. Фукуяма Ф. Конец истории и последний человек. М., 2015
2. <https://kapital.kz/economic/120659/tovarooborot-mezhdu-kazakhstanom-i-rossiyey-po-itogam-vos-mimesyatsev-sostavil-17-mlrd.html>
3. <https://rus.azattyq.org/a/32678844.html>
4. <https://kz.kursiv.media/2023-05-03/skvr-rkchn/>
5. https://www.eeas.europa.eu/kazakhstan/evropeyskiy-soyuz-i-kazakhstan_ru?s=222
6. https://forbes.kz/actual/officially/kazakhstan_i_frantsiya_budut_sovmestno_razvivat_sredniy_koridor/
7. Центральная Азия в современных мирополитических процессах / Е. Г. Гарбузарова. - М.: Издательство «Аспект Пресс», 2020. — 192 с.
8. <https://index1520.com/analytics/analiz-i-perspektivy-transkaspiskogo-mezhdunarodnogo-transportnogo-marshruta/>
- 9] <https://middlecorridor.com/ru/press-tsentr/novosti/pervyj-v-novom-godu-kontejnnyj-poezd-iz-kitaya-v-azerbajdzhan-pribyl-za-11-dnej>
10. https://eabr.org/upload/iblock/a2b/EDB_2022_Report-2_INSTC_rus.pdf
11. <https://www.dw.com/ru/boris-nadezhdin-moj-rejting-rastet-na-5-v-nedelu/a-68154251>
12. <https://ru.euronews.com/my-europe/2024/01/08/eu-michel-candidacy-long>

Серік К., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, КФ-41 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Рустемова Ж.А.*)

ӘДЕБИЕТ ПӘНІН КОМИКС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Кіріспе

Комикс – бұл тек оқиға дамуын көрсететін сурет немесе кейіпкерлер кескіні ғана емес, сонымен қатар әдеби бағыттарды біріктіретін ерекше өнер түрі. Комикс жанр мен жасты талғамайды. Комиксте сурет те, сөз де, динамикада бар. Сурет жетекші рөл атқарады. Комиксте вербальды мәтін толықтай суреттер қатарымен байланыста болады, ал иллюстрация мәтіннің міндетті элементі болып табылады[1].

Жаңалығы

Комикстер бүгінде өзінің оқиғасы мен әрі суреттерімен оқырманды біресе уайымдатады, біресе күлдіреді, бірде шабыттандырады. Мәтіннен ғана тұратын туындымен салыстырғанда комикстер визуализация арқылы баланы суреттерден басты нәрсені көруге және іздеуге үйретеді. Одан бөлек, комикстер кітап оқуды ұнатпайтындардың оқуға деген қызығушылығын оятуы мүмкін. Сурет сөзге қарағанда есте әлдеқайда жақсы қалады. Суретті әңгімеде оқиганың жеткізілуі шапшаң. Өйткені бейне, кескін арқылы ақпарат алу жеңіл, әрі жылдам. Комикс сөз арқылы толық жеткізілмеген әрекеттің сыры мен құпиясын және эмоцияларды танытады.

Бүгінде пәндерді комикс арқылы оқыту тәжірибесі жалпы білім беретін мектептерде кеңінен тараған. Мысалы Абай облысында «Білім-инновация» лицейінің физика пәні мұғалімі Жасқайрат Нәубетов физика пәнін комикс арқылы үйретуде. Жас мұғалім 7-сынып пен 9-сынып оқушыларына «Тығыздық», «Ньютон заңдары», «Энергияның сақталу заңы», «Архимед заңы» тақырыптарын комикстер арқылы түсіндіреді[2]. Қазақ әдебиетін комикс арқылы оқытып жүрген жас маман Назым Сапарова қазақ тіліндегі комикстердің

өте аз екендігін айтады[3]. Дегенмен соңғы онжылдықта қазіргі білім беру жүйесінде халық ертегілері мен аңыздарының өзектілігін арттыру мақсатында біршама қадам жасалды. Бұған түрлі аңыз-ертегілердің, тарихи жырлардың, батырлық эпостардың мәтіндерін комикс түрінде ұсынған сайтты мысал ретінде келтіреміз[4].

Қазақ комикстерінің коллекциясына «Ер Төстік», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Айша бибі», «Еңлік-Кебек», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» және тағы басқа фольклорлық туындылар енген. Комикс түріндегі шығармалардың кеңінен таралуы оқушылардың оқу материалына қызығушылығын тудырып қана қоймай, жанрды оқытудың тиімді жолдарын анықтауға ықпал етеді[5].

Мақсаты мен міндеттері

Баяндаманы мақсаты – әдебиет пәнін комикс арқылы оқыту ерекшеліктерін халық ертегілері арқылы зерделеу.

Осы мақсатқа сәйкес келесі міндеттер қойылды:

- 1) әдебиет пәнін комикс арқылы оқытуда дайын комикстермен жүргізілетін жұмыс түрлерін қарастыру;
- 2) әдебиет пәнін комикс арқылы оқытуда халық ертегісі бойынша комикс құрастыру жұмысының түрлерін анықтау.

Нәтижелер

Комикстермен жұмыс істеудің екі тәсілі бар. Біріншісі – дайын комикстермен жүргізілетін жұмыс. Екіншісі – әдеби шығарма бойынша комикс құрастыру жұмысы.

Әдебиетті оқыту әдістемесінде нақты көркем шығармаларға бейімделген комикстер (комикс-адаптации) ерекше маңызға ие болуда. Бейімделген комикстер (комикс-адаптации) әдеби шығармаға шығармашылық тұрғыда интерпретация жасауға негіз болады. Суретші көркем шығарманың қай эпизодтарын комикс үшін әдейі таңдаған және неліктен таңдаған? Осы мәселені анықтау – оқушылар үшін де қызықты жұмыс түрі. Суретші оқиғалар динамикасын қалай бере алды? Кейіпкерлерді қандай кейіпте көрді (кейіпкерлердің портреттерімен жүргізілетін жұмыс) және олардың өзара қарым-қатынастарын қалай сезінді? Комикстегі детальдің рөлі қандай? Суретшінің шығарма мәні жөніндегі түсінігі комиксте қалай көрініс тапқан? Осы сұрақтар оқушыны әдеби туындыға шығармашылық интерпретация жасауға бағыттайды.

Әдебиет сабақтарында дайын комикспен жұмыс түрлері оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуға арналған тапсырмалар түрінде көрінеді.

«Ер Төстік» ертегісі – батырлық ертегілер ішіндегі ең ежелгісі және ең әдемісі. Ғалымдар көптеген қазақ ертегісінің сюжеттік желілері «Ер Төстік» ертегісінен алынғандығын болжайды.

«Ер Төстік» комиксінің авторлары комикс құрастыруда ертегінің кейбір бөліктерінің ғана қысқартылғанын ескертеді[4].

«Ер Төстік» комиксіне арналған тапсырмалар:

Бірінші тапсырма. Әдістемешілер А.С.Петрова мен Т.А.Макаренко атап өткендей, комикстермен жұмыс істеу әдістемесі оқушылардың назарын бір суреттен екіншісіне біртіндеп аударуды көздейді[6]. Мұғалім сюжет бойынша оқушыларға сұрақтар қояды. Сұрақ қоюдағы мақсат – сюжеттегі өзара байланысты оқиғалар, әрекеттер тізбегін тұжырымдау және себеп-салдарлық байланыстарды анықтау.

Оқушылар сюжет кадрлары арасында қандай оқиғалар орын алғанын баяндауы керек. Аталмыш тапсырма оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын дамытады.

- Отағасы, таң атты. Түрегелгейсің. Түндікті ашайын.

- Таң атпай тұрып алып не істе дейсің, кемпір-ау?[4].

Осы кадр диалогынан соң түсініктемесіз (репликасыз) сурет қойылады.

Оқушы репликасыз суреттегі кейіпкерлердің іс-қимыл, әрекеттерін баяндап береді.

Осыдан соң төмендегі сюжет кадрды ұсынылады:

- Кемпір, сүйінші, кер биенің керулі тұрған төстігі майлы көрінеді. Бол, жылдам асып жіберші! [4].

Тапсырма ертегі мазмұнын қабылдауды жеңілдетеді.

Екінші тапсырма.

Оқушылар комиксті рөлмен оқиды. Материалдағы сөз түріндегі және визуальды компоненттерді анықтайды. Тапсырма сабақ процесін қызықты және маңызды етеді.

Үшінші тапсырма. Оқушылар комикс кадрларын дұрыс реттілікпен орналастырады. Бұл тапсырма оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытады.

Төртінші тапсырма.

«Ер Төстік» комиксі кейіпкерлерінің репликалары түрлі дыбыстармен, одағай сөздермен толықтырылады. Күндердің күнінде Ер Төстік құс аулап жүріп өрмек тоқып отырған кемпірдің жібін үзіп кетеді. Кемпір Ер Төстікті былай қарғайды:

- Алда ғана шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке дейін құс қуғанша, тентіреп кеткен сегіз ағанды тауып алмайсың ба?[4]. Тапсырма оқушыларға мотивация береді, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Бесінші тапсырма.

Оқушылар комикс кейіпкерлерінің репликаларын шығармашылықпен ары қарай жалғастырады.

- Әке, апа! Мен ер жетіп, ес жидым. Жоғалып кеткен ағаларымды іздеу інілік парызым. Баталарыңызды беріңіздер.

- Балам-ау, жоғалғанды іздеймін деп өзің жоғалып, мен сорлы жалғызымнан тағы айрылып қаламын ғой[4]. Тапсырма оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытады.

Алтыншы тапсырма. Суреттер бойынша берілетін репликалар алынып тасталады. Оқушылар сол суреттер бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді немесе суреттерге қарап отырып, кейіпкерлер жауаптарын, яғни ықтимал жауаптарды болжап айтады.

- Ал, бауырым Төстік, ел аман ба? Әке-шешеміз қалай?

- Есендік, ағалар. Тек сіздердің жоқтықтарыңыз, хабарсыз кеткендіктеріңіз әкем мен шешемнің белін бүгіп барады.

- Амал нешік. Малдан айырылып барғымыз жоқ. Мына қылқұйрықтының барлығы айдағанға көн-бей, итімізді шығарды. Осы даладан біреуі шет бассайшы.

- Оның шешімі оңай ғой. Бар жылқымның басы – күрең бие деуші еді әкем. Сол бар ма?

- Әрине, бар ғой. Сол бие қиғылық салатын[4]. Тапсырмалардың бұндай түрі де оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырады.

Жетінші тапсырма.

Пән мұғалімі «Ер Төстік» комиксі бойынша алдын-ала сюжет кадрларын дайындайды. Оқушылар осы кадрлар үшін қажетті репликаларды дайындайды. Бұндай тапсырмаларды орындау үшін әр оқушыда үлестірме материал болуы керек. Суреттер мен репликалары бар карточкаларды мұғалім бөлек таратады.

Сегізінші тапсырма. Комикс негізіндешығармашылық жұмыс жүргізуге болады. Мұғалім оқушыларға комикстің жалғасын өз беттерімен құрастыруға және сол сюжет бойынша сурет салуға тапсырма береді. Оқушылар мұғалім ұсынған репликалар бойынша кадр суреттерін де салады. Тапсырма комикс оқылып және талданғаннан кейін беріледі.

Тоғызыншы тапсырма.

Комикс – балалардың қиялын дамыту құралы. Олар «Ер Төстік» ертегісінің кейіпкерлерімен жаңа комикс құрастыра алады. Ертегі кейіпкерлері үшін жаңа жағдаяттар ойлап табады. Ертегі соңын өзгеше етіп аяқтай алады. Тапсырмалар оқушылардың жазбаша сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Комикс сонымен қатар оқушылардың репликаларды сурет сызығынан шығармай, ұқыпты және әдемі етіп орналастыру қабілетін де қалыптастырады.

Оқушылар комикстер бойынша түрлі жаттығулар мен тапсырмаларды орындап қана қоймайды, олардың үзінділері мен диалогтарын қойылым, көрініс ретіндесахнада көрсете алады. Сахналау комикстің ауызша және визуалды компоненттерін жақсы түсінуге әсер етеді және оқушылардың әдебиет сабақтарына қызығушылығын арттырады. Көркем туындының жекелеген эпизодтарын сахналау – күрделі шаруа. Ал комикс түріндегі әдеби шығармаларды сахнаға шығару оқушылар үшін қызықты және жеңіл болмақ. Комиксті сахнаға қойылым ретінде шығару арқылы оқушылар әдеби образдарды шығармашылықпен қабылдайтын болады.

Оныншы тапсырма.

Оқушылар комикстерге негізделген фильм сценарийлерін жасай алады. Киносценарий жасау – әдістемелік тәсілдің ерекше түрі. Оқушылардың кинодан алған әсерлері оқырман қабылдауының сипатын өзгертеді, әдеби құбылыстарды меңгеруді байытады және тереңдетеді. Киноматография бала табиғатына жақын, бала санасына сіңімді. Кинодан балалар өз қабылдауындағы табиғатқа жақын өнерді таниды. Динамизм – кино өнерінің ажырамас бөлігі. Киносценарий оқушылардың бейнелі қабылдау сезімін жандандырады және тұтастан бөлшекті ажыратуға көмектеседі. Комиксті оқыту бойынша жұмыс түрлері жеке және топтық формада жүргізілуі мүмкін.

Әдеби шығарма бойынша комикс құрастыру жұмысын халық ертегілерінің өзге түрлерімен де жүргізуге болады. Бейімделген комикстерді(комикс-адаптации) құрастыру жұмысын кезең-кезеңмен жүргізген жөн. Ең алдымен оқушылар «Авторлық комиксті қалай құрастыруға болады? Сарапшы түсіндіреді» тақырыбындағы оқу-танымдық бейнероликті көруі керек[7]. Бейнеролик комикстің бірқатар ережеге сүйенетінін түсіндіреді:

1. Комикс құрастыруға негіз болатын мини-сценарий(шағын сценарий) жазу қажет(маңызды пункт).
2. Комикс кейіпкерлерінің суретін салған кезде суреттерді детальдармен күрделендірмеу керек. Сюжет пен кейіпкерлердің қарапайым болуы – кез келген комикске қойылатын талап.
3. Сөз, сөйлем(монолог, диалог, түсініктеме сөз) қысқа және нұсқа болуы керек. Суретте көп орын алмағаны жөн.
4. Сырт дыбыстарды көрсету үшін түрлі белгілерді, найзағай тәріздес символдарды пайдаланған жөн.
5. Комикстегі мәтін солдан оңға қарай және кітаптағыдай жоғарыдан төмен оқылады.

Бейімделген комикстерді(комикс-адаптации) құрастыру баланың шығармашылық қабілетін, оқырмандық құзыреттілігін дамытуға жол салады. Комикстер жасау әдісін оқушылардың жеке, жұптық және топтық шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруда қолдануға болады. Оқушылар бейімделген комикстерді(комикс-адаптации) құрастырып қана қоймай, ой-қиялына ерік береді, көркем шығармадағы, үзінділердегі диалогтарды қолданып, көрініс қояды. Балалардың шығармашылық қабілеттері(стильді, композицияны сезіну) және аналитикалық қабілеттері(тұтас құбылысты, зат мәнін көре білу, құбылыстар

мен қаһарманды, олардың арасындағы байланысты тани білу) дамиды. Комикс салуды үйренген бала оқыған дүниесін түсінуге және ондағы оқиғаларды басынан өткізуге талпынады.

Қорытынды

Сонымен классикалық шығармаларға негізделген комикстерді әдебиет пәнін оқытуға бағытталған заманауи педагогикалық механизм ретінде пайдалануға болады. Бұл тәжірибе оқушылардың комикс түріндегі әдеби шығармаларға деген қызығушылығын ғана туғызып қоймайды, сонымен қатар ұлттық әдебиетті оқыту әдіс-тәсілдерін жаңғыртуға да мүмкіндік береді.

1. Громина, С. Использование комикса на уроках русского языка и литературы // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://mogu-pisat.ru/stat/metod/?ELEMENT_ID=11581562
2. Абай облысында жас мұғалім физика пәнін комикстер арқылы түсіндіреді // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.facebook.com/100064891832230/posts/767865672053154/?mibextid=xfxF2i>
3. Қазақәдебиетін комикс арқылы оқытып жүрген жас маман // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.bugin.kz/21883-qazaq-adebietin-komiks-arqyly-oqytyp-dgurgen-dgas-maman>
4. Комиксы // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://qazcomics.kz/kz/shop>
5. Emira, D. (2019). Teaching Literature through Comics: An Innovative Pedagogical Tool. International Journal of Applied Linguistics & English Literature. 8(1), 54-61.
6. Петрова, А.С., Макаренко Т.А. Комикс как средство обучения // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 32. – С. 119-121. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ekoncept.ru/2017/771035.htm> (дата обращения: 14.05.2019).
7. Как создать авторский комикс? Говорит эксперт // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://youtu.be/BBi1CxMIy4>.

Серікбай Т., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, философия және психология факультеті, СР-33к-21, студент

(Ғылыми жетекші — магистр Сағадатова А.Т.)

ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛСІЗ ТОПТАР НЕГІЗІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: СЕБЕПТЕРІ, САЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРСЫ ТҰРУ ТӘСІЛДЕРІ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық бұл қазіргі немесе бұрынғы ерлі-зайыптылар арасында болатын физикалық, психологиялық, жыныстық немесе экономикалық сипаттағы әрекеттер. Бұл туыстық байланыста болатын адамдар арасында да болуы мүмкін.

Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықты физикалық немесе кез-келген басқа әсердің үнемі қайталанатын әрекеттері деп атауға болады. Көптеген адамдар осындай қарым-қатынастары бар отбасыларда өмір сүруге мәжбүр, оларда сенім, қауіпсіздік сезімі, сүйіспеншілік, серіктестік орнына қатыгездік, мазасыздық, қорқыныш жетекші рөл атқарады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы сөз болғанда, қиял көбінесе қорқынышты суреттер салады: күйеуі әйелін немесе анасын ұрады, балаларды мазақ етеді және т.б. Бірінші нәрсе-маскүнем, құмар ойыншы, ессіз қызғаныш, тым діндар күйеу. Шынайы өмір әрқашан бұл сценарийлерді білдірмейді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қоздырғышы көбінесе әйел (анасы, әйелі, әпкесі және т.б.) және бала болып табылады.

Әлемдегі тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселенің ауқымы

2023 жылы бүкіл әлем бойынша 45000-ға жуық әйелдер мен қыздарды серіктестері немесе басқа отбасы мүшелері өлтірді. Осылайша, әр сағат сайын бес әйел немесе қыз туыстарының қолынан қайтыс болады. 15 жастан асқан әлемдегі әрбір үшінші әйел (шамамен 736 миллион адам) өмірінде кем дегенде бір рет серіктесінің физикалық және/немесе жыныстық зорлық-зомбылығына ұшыраған. Әлемдегі әйелдердің 80% - ы кем дегенде бір рет көшедегі қудалауға ұшыраған. Әрбір үштен бірі жасырын түрде жыныстық серіктес презервативті жасырын түрде алып тастаған кезде стелсингке тап болды. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің 40% - дан азы қандай да бір көмекке жүгінеді. Көп жағдайда олар достарымен және туыстарымен байланыста болады, ал өте аз (10% - дан аз) полицияға барады.[1]

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан кім зардап шегеді және оның себебі неде?

Зорлық-зомбылықтың себебі зорлаушыны "арандатқан" жәбірленуші серіктестің әрекеттерінде жатыр деген қауіпті салдары бар негізгі қате түсінік. Бұл "не үшін?" ол зорлаушыны саналы түрде ақтайды. Жүйелі түрде зорлық-зомбылыққа барудың мінез-құлық себебі жоқ екенін есте ұстаған жөн. Жалғыз себеп-зорлаушының садизмге бейімділігі. Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық

Көбінесе әйелдер тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегеді. Себебі неде? Көбінесе тианның қасиеттеріне ие серіктесте.

Жыныстық зорлық-зомбылықтың қауіп факторларына мыналар жатады:

- білім деңгейі төмен;